Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б.133

ТЕХНОГЕНДІК-БҮЛІНГЕН ЛАНДШАФТАРДАҒЫ ТОПЫРАҚ ТҮЗІЛУ ҮРДІСІ

Қозыбаева Ф.Е., Абдрешева М.Б.,Тоқтар М.,Молжигитова А.

Зерттеу жұмысы Жамбыл облысы Сарысу ауданы «Жаңатас» фосфорит кен орнының техногендік-бүлінген үйінділерінде жүргізілді. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты топырақтүзілу үрдісінің бағытын, жылдамдығын айқындау және техногендік бүлінген жерлердің топырақ-экологиялық функцияларына баға беру. «Жаңатас» фосфорит кен орны үш кен орнынан тұрады: Көксу, Жаңатас және Көкжон. «Көксу» кен орнында карьерлермен бүлінген жерлердің жалпы ауданы 285, 5 га құрайды. № 1, 8, 10 жынысты үйінділер және фосфатты-кремнилі сланецтердің үйінділері астында 45.84 га жер бар. Қазбалау жыныстарынан үйінді түзілу автокөліктік, бульдозерлік, қатқабатты және қабатты. Зерттеу жұмысы №8 үйіндіде жүргізілді. Үйіндінің жас мөлшері 20 жылдан асады. Үйінділер карбонатты, карбонатты-сазды сланецтардан және доломит жыныстарының сынықтарынан тұрады. Үйіндінің өздігінен өскен өсімдіктері сирек және бірлі жарым өсімдіктер кездеседі. Өсімдіктері шөлейтті-далалық өсімдіктерден тұрады. Топырақ грунттарының химиялық талдауының нәтижелерінің көрсетуі бойынша топырақтүзілу үрдісіне топырақгшрунттарының жоғарғы қабаттары ұшыраған. Тұздану бойынша Көксу кенорнының үйінділерінің топырақгрунттары тұздалмаған немесе әлсіз тұздалған. Тұздану химизмі негізінен сульфатты, магнийлі-сульфатты және жыныстар және доломит, ангедрит, гипс минералдарының болуына сәйкес гидрокарбонатты-сульфатты болып келеді. Бастапқы топырақтүзілу үрдістеріне қатысушы микрозоофаунаның өкілдері сауытты кенелер мен коллемболалар болып табылады.

Өсімдіктің өсу дәрежесі бойынша техногенді бұлінген жерлердің бөлінген телімдерін бүлінген экожүйені игеруге қатысушы өсімдіктің өнімділігі және ең алдымен техногенді-бүлінген жерлерді игерудегі және топырақтүзілу үрдісіндегі өсімдіктің рөлін айқын көрсетеді.